

## **ШЕБЕРДІҢ КІРІСПЕЛІК НҰСҚАУНАМАНЫ ЖҮРГІЗУІ**

Кіріспелік нұсқаунама дегеніміз өндірістік оқыту сабағының ұйымдастырушылық (сыртқы) құрылымының элементі. Сабақтың дидактикалық құрылымы тұрғысынан қарасақ кіріспелік нұсқаунама негізгі үш элементтен тұрады: мақсатты белгілеу, білім алушылардың білімі мен тәжірибесін белсендіру (актуализациялау), олардың іс-әрекеттерінің бағдарлық негіздерін құру. Сабақтың мұндай элементтері әр сабақта кезектесе отырып, және олардың болуы міндетті болып табылады.

Еңбек тәсілдері мен операцияларын оқып-үйрену сабақтарында кіріспелік нұсқаунаманы фронтальды түрде жүргізеді. Нұсқаунамалардың ұзақтығы өндірістік оқытудың жалпы процесінде, оның мазмұнына, тақырып бойынша сабақтар жүйесіндегі сабақтың өту орнына байланысты болады. Мұндай кіріспелік нұсқаунаманың орташа ұзақтығы – 30-33 мин, алғашқы бірінші сағатында іске асады.

Еңбек тәсілдері мен операцияларын оқыту кезіндегі әр сабақтарда жүретін кіріспелік нұсқаунамаға сәйкес келесідей типтік кезектілікке тән:

- сабақ мақсаты мен тақырыбын жеткізу;
- ағымдағы өтетін сабақтың материалдарымен байланысты материалдар жөніндегі білім алушылардың білімі мен шеберлігін тексеру;
- оқып-үйреніп жатқан операцияларды орындаудың тәсілдері мен амалдарын, орындалатын жұмыс процестерін өзіндік тексеру тәсілдерін түсіндіру және көрсету;
- жазбаша түрдегі нұсқаулық құжаттарды түсіндіру;
- оқу-өндірістік жұмыстарға қойылатын техникалық талаптардың түсінгенін тексеру;
- көп кездесетін қателіктерді, қиындықтарды, кемшіліктерді, олардың алдын алу немесе оларды жою мүмкіндіктерін қарастыру;
- жұмыс орнын дайындау, еңбек қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру және демонстрациялау;
- білім алушылардың кіріспелік нұсқаунама материалдарын меңгергендігін тексеру;
- білім алушылардың оқып-үйреніп жатқан операцияларды орындау әдіс-тәсілдерін орындап көруі;
- білім алушыларға тапсырма беру және оларды жұмыс орындарына жайғастыру.

Кіріспелік нұсқаунаманың құрылымына қатысты оны жүргізуді ұйымдастыру мен оның әдістемелеріне тоқталайық.

*Сабақтың мақсатын белгілеу.* Мақсаттық белгілеу дегеніміз білім алушылардың не істеу қажеттігін жеткізу емес, бұның не үшін істелетіндігін, олар не үйреніп шығатындығын, кәсіпті меңгеруде қаншалықты әсер

ететіндігін түсіндіру. Мақсатты белгілеу арқылы білім алушыларда алда тұрған жұмысқа деген белгілі бір мотивацияны туындатып, олардың қызығушылығын оятып, танымдық және еңбектік белсенділігін арттыруға ұмтылдыру керек.

Мұндай мақсаттық айқындалуды түзу үшін тиімді болатын әдістер қатарына білім алушылар осы сабақ арқылы үйреніп шығатын шеберлік негізіндегі өндірістік тапсырмалардың техникалық шешімдерінің жаңашылдығын туындатуды; құрал-жабдықтарды, жарақтарды, аспаптарды орнымен қолдану, оқып-үйреніп жатқан еңбек тәсілдері мен операциялардың жаттығу жұмыстарын неғұрлым дұрыс атқару жөнінде сұхбаттар ұйымдастыру.

*Білім алушылардың білімі мен тәжірибесін белсендіру немесе актуализациялау.* Кез-келген оқыту процесі нәтижелі болуы ол білім алушылардың алдыңғы меңгергені мен өткен оқу материалдарына сүйене отырып, жаңа бір ұғымдарды қабылдап, меңгергенде, осы жаңа ұғымдар бұрынғылардың жалғасы, дамыған түрі болған кезде ғана білім алушы санасында олардың білетін, істеп, меңгере алатын заттары мен алда білгелі, меңгергелі тұрған материалдары арасында бір байланыстың орнауы кезінде мүмкін болады. Білетін, игерген оқу материалдарын жаңа мағлұматтармен меңгеру процесіне қосуы актуализация деп аталады.

Өндірістік оқыту сабақтарында еңбек тәсілдері мен операцияларын үйрену кезінде білім алушылардың білімі мен тәжірибесін актуализациялау, әдетте алда тұрған жұмыс мазмұнымен байланысты өндірістік оқытудың арнайы пәндері мен алдыңғы өткен сабақтарының материалдары бойынша кіріспелік нұсқаунамада білім алушылардан сұрау жүргізу түрінде өтеді, онымен қоса актуализацияның басқа да тәсілдері қолданылуы мүмкін:

Шебердің қажетті теориялық мәліметтерді қайталауы (әсіресе, білім алушылардан сұрау жүргізу нәтижелері өте әлсіз болған жағдайда), тиісті түсіндірмелері бар видеофрагменттерді көрсету, жаттығулар жүргізу, білім алушылар орындаған үй тапсырмаларын жіктеу т.б. Бірақ актуализацияның негізгі тәсілі – білім алушылардан олардың жауаптарына пікірлер беру мен сұрау жүргізу болып табылады.

*Оқушы іс-әрекеттерінің бағдарлық негіздерін құру.*

Оқытудың дайындық кезеңіндегі сабақтарда бұл ең алдымен сабақта оқып-үйреніліп жатқан операция немесе оның бір бөлігінің орындалуында еңбектің әдіс-тәсілдерін шебердің өзі көрсетіп және түсіндіруімен қамтамасыз етіледі. Бұл кезде білім алушы іс-әрекетінің бағдарлық негіздері «мен істегендей істе» деген принцип бойынша репродуктивті түрде құрылады, бұл заңды да, өйткені әр сабақта білім алушылардың алдына белгісіз бір жаңа нәрсені игеру міндеті тұрады. Бұның бәрі шебердің еңбектік іс-әрекеттерді педагогикалық сауатты, анық және түсінікті етіп көрсете білуінің маңыздылығының өте жоғары екендігін тағы да дәлелдейді.

Еңбектік іс-әрекеттерді орындау әдіс-тәсілдерін көрсетуге дайындық кезінде оқу-өндірістік жұмыстардың білім алушылар үшін сол сабақта жаңа болып табылатын әдіс-тәсілдерді таңдап алған жөн. Сабақтағы жаттығу

барысында қолданылатын бұрын игерілген еңбек әдіс-тәсілдерін көрсетудің қажеті жоқ, тек білім алушылардың оларды орындай алатынына сенімді болу керек.

Кіріспелік нұсқаунаманың бұл бөлімін өткізудің белгілі бір ерекшелігін шеберде технологиялық нұсқаунама картасының болуымен сипаттайды. Ол өз іс-әрекеттерін осы картада сауатты түрде ұйымдастыру қажет. Кіріспелік нұсқаунаманың тиімді болуы, ол сабақта қолданылатын көрнекілік құралдар мен оқытудың техникалық құралдарының дұрыс пайданылуына байланысты болады.

Кіріспелік нұсқаунаманың келесі соңғы элементі – болуы мүмкін көп кездесіп тұратын қателіктерді, қиындықтарды, кемшіліктердің алдын алу және оларды жою әдістерін қарастыру болып табылады. Бұл өндірістік оқытудың осы кезеңіндегі дидактикалық маңызды мақсаттарының бірін іске асырудағы маңызды фактор. Ол білім алушыларды үйретіліп жатқан еңбек әдіс-тәсілдерін дұрыс әрі сапалы орындауға үйрету.

Жаттығу барысында жиі жіберілетін жұмыс қателіктері мен кемшіліктеріне білім алушылардың назарын аудара отырып, шебер олардың алдын алуын үйретіп, бұл қателіктердің қандай екендігін түсіндіруі керек. Бұлай болмаған жағдайда, әлі жеткілікті тәжірибе жинап үлгермеген және ненің дұрыс ненің бұрыс екендігінен хабары жоқ білім алушылар еңбек тәсілдерін шебер көрсеткеніндей, қателікті болдырмау жолдарын түсінгені абзал.

Білім алушылардың өз жұмысын дұрыс ұйымдастырып, өздерінің жұмыс орындарын дұрыс реттеп және тазалап тұруларын әдетке айналдыруларына тәрбиелеудің маңызы зор. Жоғары білікті жұмысшы мамандардың кәсіби шеберліктерінің көптеген «сырлары» еңбекті және жұмыс орнын жақсы ұйымдастыруда екендігі белгілі. Білім алушылардың осыны біліп және әрқашан бекітілген ережелер мен талаптарды ұстануы қажет.

Білім алушыларды ұқыптылыққа, адал ниеттілікке, жауапкершілікке тәрбиелей келе, оларды жұмыста тәртіптілік пен нақтылыққа үйрете отырып, шебер солар арқылы олардың осы қасиеттерін айтарлықтай кең түсінулерін тәрбиелейді: егер білім алушы жұмыс кезінде ұқыпты болса, ол тұрмыста да ұқыпты; жұмыстағы тәртіптілік пен нақтылық оны ойланудағы тәртіптілік пен қисындылыққа үйретеді.

Қорыта айтқанда, білім алушылардың нұсқаунама материалын меңгерулері оларды бекіту және тексеру және еңбек әдістері мен тәсілдері арқылы қалай орындалатындықтарын көрсетуді ұсыну, оларды орындау ережелерін қайталау және дәлелдеу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Өстеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі. Алматы, 2006.
2. Кругликов Г.И. Кәсіптік оқыту шеберінің үстелүсті кітабы: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы. 7-басылым. М.: «Академия» баспа орталығы, 2014. -272б.